



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

I том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы

III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том I

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings

of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

I том

Астана, 2018

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.0
Ә 43

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Ә 43 Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. –218 б.

ISBN 978-9965-31-976-1

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Звезда Содружества» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Древо жизни» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселесі», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ 1/14
БЖ 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, ПРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической
конференции**

16-17 февраля 2018 года

Том I

Астана, 2018

УДК 1/14
ББК 87.0
А 43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А 43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. –218 с.
Т.1

ISBN 978-9965-31-976-1

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14
ББК 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INSTITUTE OF PHILOSOPHY OF THE RAS
INSTITUTE OF PHILOSOPHY, POLITICAL SCIENCE AND RELIGION
OF THE CS MES RK
KAZAKHSTAN BRANCH OF THE M.V. LOMONOSOV MSU

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY, DEVELOPMENT
OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS, AND MORALITY**

Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Astana, 2018

UDC1/14
LBC 87,0
A 43

Editorial Council

E.B. Sydykov, D. Kamzabekuly, Farifolla Yesim,
G.A. Adaeva, S.A. Arystambaeva, M.M. Bozzhigitova,
K.A. Medeuova, D.T. Tolgambaeva

A43 Actual problems of world philosophy, human development, his consciousness and morality: Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference (February 16-17, 2018, Astana, Kazakhstan) in 2 volumes. – Astana: L.N. Gumilyov ENU Publishing Office, 2018–218 p.

ISBN 978-9965-31-976-1

The collection contains Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference "Actual Problems of World Philosophy, Development of Human, His Consciousness, and Morality", dedicated to the 85th anniversary of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, the Laureate of the Kazakh SSR State Prize in the field of science and technology, the Commonwealth Star Interstate Prize, the President's Peace and Spiritual Consent Prize, Russia's the Tree of Life Prize, and Shokan Ualikhanov's First Prize.

There were sections within the framework of the conference: "History of philosophy, actual problems of the theory of knowledge and methodology of science", "The problem of man and morality in the contemporary world", "Academician Zh. Abdildin and the development of the problems of dialectical logic, the theory of knowledge, man and morality".

It is addressed to all interested in the actual problems of contemporary philosophy and creativity of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the NAS RK

The published materials are presented in the author's edition.

UDC1/14
LBC 87,0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

2. Дорский, А.Ю. PR как социально-гуманитарная технология: нравственный смысл ремесла. / Кафедра эстетики и этики РГПУ им. А. И. Герцена. Исследования. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://aesthetics-herzen.narod.ru/issl.html> – Дата доступа: 10.01.2018.

3. Мотрошилова, Н.В. «Социальная эпистемология»: новые проблемы, дискуссии и дихотомии. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://iphras.ru/uplfile/histph/publ/motroshilova_2011_so.pdf – Дата доступа: 01.01.2018.

4. Щедровицкий, П.Г. Гуманитарные технологии — пронумерованный фактор развития // Русский Архипелаг. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://www.archipelag.ru/authors/shedrovicky_petr/?library=1307 – Дата доступа: 10.01.2018.

САН: ТАНЫМ ЖӘНЕ ТҮСІНІК

Амангелдиев А.Ә.

Астана қ., a.azimkhanuly@gmail.com

Көне танымдық ұғым бойынша сандар – тіршіліктің алдын ала болжайтын хабаршысы. Көне жазбаларда әріптерді құрастыру арқылы оларға иелік етуші сандардың жұмбағына үңіліп, келешекті болжап отыру секілді деректер ұшырайды. Сандағы мәнді, оның бойындағы абсолюттік пен мінсіздікті табуға деген танымдық құмарлық қай кезде де ұлы ойшылдарды толғандырған. Сандар – қай кезде де әлем ойшылдарын қызықтырып келген бірден бір құбылыстардың бірі.

Ғылыми әдебиеттегі сандық жүйе мен олардың сапасы, сандардың таңбасы мен білдіретін мағыналарына қатысты пікірлердің әмбебап болуына байланысты - дін, философия, мифология, космология, жаратылыстану, археология, мәдениеттану, семиотика, этнология, этнография және т.б. көптеген салаларда бірдей қолданылады.

Жалпы әлемдік мәдени-философиялық ізденістерде санды мәдени-философиялық тұрғыда талдау, қарастыру тарихы өте тереңнен басталады. Сандар мәні көптеген философиялық еңбектерге негіз болған. Мысалы, екінші ұстаз әл-Фарабидің «Математикалық трактаттары», философ О. Шпенглердің «Еуропаның батуы» еңбегіндегі «Санның мәні» тарауы, философ-математик А. Машанидің құран мен мәдениетті «әбжәд»-тық тұрғыда талдауға негіздеген көп томдық еңбектерін, т.с.с. жұмыстарды атауға болады [1, 5 б.].

Адамзат баласының даму жолындағы үлкен жетістіктерінің бірі - сандардың пайда болуы. Алғашқы адамдар өз ойларын, әрекеттерін ыммен, қимыл-қозғалыспен білдіріп, қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарды меңгеру арқылы сөзді шығарды. Уақыт өткен сайын адамдардың материалдық тұрмыс жағдайларының өзгеруіне байланысты олардың дүниетанымы да өзгеріске ұшырап отырған. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, қолдарындағы заттармен айырбас жасасқан. Сол себепті адам санасында санау қалыптасып, сандардың алғашқы белгілері пайда болды. Мысалы, бір санының алғашқы мағынасы «бір қол» немесе «оң қол» болған. Демек алғашқы қауым адамдары сан ұғымын өздеріне таныс заттар арқылы қабылдап, бірте-бірте саусақпен санауды шығарды. Сандардың ерте замандарда қандай дәрежеде болғандығын әртүрлі халықтардың тілдерінде сақталып келе жатқан көне аңыз-әңгімелердегі кездесетін сөздерден байқауға болады. Мысалы, қытай тілінде «екі» ежелгі қытайлықтардың дүниетанымын, наным-сенімін ырымшылдығын тек табиғат құбылыстарын түсіндіруге тырысқан аңыз-әңгімелермен ғана емес, оларды сан сияқты абстрактілі түсініктерден де көруге болады.

Сандардың рәміздік бастамалары танымдық мәселелермен тығыз байланысты. Сан рәміздері – қандай да болсын басқа рәміздерден әлдеқайда үлкен мән мен рәміздік күшке ие. Шындығында, сан белгілі бір тылсым әлемнің жаршысына өте ұқсайды. Өйткені басқа рәміздер тек қана адамның идеяларын, түсініктерін, сенімдерін бейнелеуге қолданатын белгі болса, санда идея мен бірге материалдық дүниелердің де, табиғи заңдылықтардың да мағынасын ашып беретін ерекше күші бар. Егер басқа рәміздер негізінен жаратылыстану

ғылымдарынан бөлек әлем ретінде тұйықталған күйде болса, сандар әрі жаратылыстанушылық әрі гуманитарлық ғылымдарда да өзіндік мәнге ие .

Пифагордың «Айналаның бәрі сандар» деп келетін сөзін ол әлемнің бастамасын, жаратылыстың құпиясын сандар деп ұққандықтан айтып кеткен. Пифагордың сандарға деген қызығушылығын жай ғана қызығушылық деу, оның сандарға деген қатынасын толыққанды аша алмас еді. Өйткені оның сандарға деген ықыласын адам бойында Жаратушыға деген табынушылықпен, санға ғибадат етумен теңестіруге болады. Тіпті әр сабақты бастардан бұрын Пифагордың сандарға өз алғысын білдіріп, сандарға бағышталған дұғаларды оқып, сабақ бастағаны белгілі.

Данышпан әл-Фараби де сандар жайлы жеке еңбектер жазған. Мәселен, Ақжан Машани еңбегінде әл-Фарабидің:

«Сан берген, сана берген, санат берген

Инсан деп саналыға ол ант берген

Жаратып жалғыз нұрдан барша әлемді

Жауһари нұр сәулесін тарат деген» [2], – деген өлең жолдарын келтіреді.

Кез келген тілдің сан мәдениетінде кейбір сандарға айрықша қасиет дарытып, олардың халық дүниетанымындағы атқаратын қызметі алғашқы қауым адамдарының ақыл-ой, сана-сезімінің жемісі екенін байқауға болады. Олай дейтініміз, алғашқы қауым адамдарының санасында өздері қоршаған әрбір заттың, болмыстың иесі, яғни киесі бар деп түсінген.

Қазақ халқының рухани дүниесіне енген киелі сандардың танымдық сипатына қарай екіге бөлуге болады: бірі - ежелден келе жатқан қазақтың төлтумасы, екіншісі - түрлі жолдармен, түрлі тарихи оқиғалар әсерінен пайда болып әрі көп халықтарға ортақ кірме дүниетанымдар. Киелі сандар негізінен кез келген халықтың дүниетанымдық көзқарасына байланысты туып, рухани дүниесінде белгілі бір көркемдік қызмет атқарып отырады. Сондықтан да оларды алғашқы дүниетанымдық негізде пайда болып «қасиетті», «киелі» ұғымға ие болған сандар тобы деп тұжырымдауға болады. Олар, әсіресе, «үш», «жеті», «тоғыз» және «қырық» сандары.

Одан кейінгі жаңа дәуірдегі ғалымдардан Канттық гносеологиядан бастап әрбір философ еңбектерінде санның мәніне аса үлкен мән берген. Канттың априорлық объектілер ретінде уақыт пен кеңістіктің маңыздылығын негіздеуімен санның танымдық мәселеге көптеген жаңалықтар ашуға қауқарлы екені дәйектелді. Санның уақыт пен кеңістік концептілерімен қатынасы сәйкес тарауда кеңірек талқыланады. Математиканың өзі априорлық танымға мүмкіндік ашатын ғылым ретінде қарастырылды. Ол: «Математика бізге біздің априорлық білімімізде қаншалықты алға жылжуымыз мүмкін екендігінің керемет мысалын көрсетеді» [3, с. 36], – деп жазды. Жаңакантшылдардың ішінде мәдениетті зерттеудегі сандардың сабақтастығын тілге тиек еткен О. Шпенглер мен Э. Кассирер болды.

О. Шпенглер «Еуропаның батуы» еңбегінің «Сандардың мәні туралы» тарауында сан мен мәдениеттің, математиканың өзара қатынасын жан-жақты қарастырған. Ғалым: «Жанның өзін қоршаған ортаның суретінде бейнелегісі келетінін мысал ретінде түсіндіру үшін мен сандарды таңдаймын. Өйткені қалыптасқан мәдениет адам болымысының сипаты және идеясының көрінісі болып табылады. Сандар қандай да математиканың негізінде жатады. Ал математика өз тереңдігімен көп адамға түсініксіз болғанымен де, басқа рухи жаратылыстардан ерекше мәнге ие. Ол – логика секілді өте қатаң ғылым. Бірақ оның ауқымдылығы әлдеқайда кеңірек. Оның дамуына ерекше шабыт пен келісілген пішімдер қажет. Ол – пластика мен музыкамен қатар тұратын нағыз өнер. Қала берді, ол Платон мен Лейбниц дәлелдеп өткендей, метафизиканың ең жоғарғы шебін құрайды. Әр философия осы уақытқа дейін белгілі бір математикаға сай дамып келді. Сан алғашқы себептік қажеттіліктің рәмізі. Құдай туралы түсініктің көрінісі ретінде ол Құдайдың табиғаттағы белгілерін білдіреді. Сондықтан сандардың бар болуын тылсым деп айтуға болады. Және осы түсінік барлық мәдениеттерден көрініс табады» [4, 205 б.], – деп, сандарға қатысты тылсымдық мәнді оның Құдай түсінігімен астасып жатуынан деп түсіндіреді. Ал Э. Кассирер сандағы

рәмізділік: «Сандар түсінігі де уақыт пен кеңістік ұғымдар секілді математикалық түсінікке айналардан бұрын мифологиялық түсінік болып қалыптасады. Өлшем бірліктеріне айналардан әлдеқайда ертеректе ол «киелі сан» ретінде табынушылық нысаны болды. Және сол табынушылықтың іздері әлі де математиканың алғашқы ғылыми қадамдарынан көрініс табады. Осылайша, олар абстрактілі түрде жекешелік, көпшілік, ортақтық, бірізділік сияқты түсініктердің қатынасын көрсете отырып әлемнің мифологиялық және ғылыми түсініктерін береді» [5, 76 б.], – деп, ол Кант ұсынған априорлық уақыт пен кеңістік ұғымдарымен қатар, сандар түсінігінің дәрежесін бірдей қарастырады.

Э. Кассирердің пікірінше «сандар математикалық ғылымның құралына айналмастан бұрын ол бірінші мифологиялық танымда киеліліктің мәні ретінде пайда болған. Сол себепті де тіпті математика мен жазба мәдениеті қалыптаспаған мәдениеттердің өзінде де сандар рәміздер ретінде орын тапқан. Осыған байланысты да сандардың атауы бірінші пайда болып, тек одан кейін ғана оның таңбалық пішіні қалыптасқан. Демек, сандардың бастауы мифологиялық танымдар бастауына алып барады. Сан – осы жағынан алғанда өте ұтқыр архетиптердің бірі. Ал «мифтік таным – ең алғашқы таным баспалдағы» [6].

Сандардың тағы бір ерекшелігі мифологиялық таныммен қатар, адамның өзін-өзі тануына, кемелденуіне жол аша отырып, оның өмірден дұрыс жол тауып, өзінің рухани танымын дамытып, қоршаған ортадағы мүмкіндіктерін арттыруға жол ашады.

Сандар табиғаттағы заттар мен құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін таңбалау қызметін атқарады және философиялық таным түсінігіне ие болады. Осы тұрғыдан келгенде, жер бетінде тіршіліктің пайда болуы мен дамуы ғарыштық қырынан да, экологиялық қырынан да кездейсоқ жаратылыс емес деп айтуға болады. Кейбір халықтардың этномәдениетінде сандардың ерекше қасиеті болады, олар, яғни киелі сандар кез келген халықтың дүниетанымдық көзқарасына байланысты туып, рухани дүниесінде белгілі бір көркемдік қызмет атқарып отырады. Сондықтан да оларды алғашқы дүниетанымдық негізде пайда болып, белгілі бір ұғымға ие болған сандар тобы деп тұжырымдауға болады.

Қорыта айтқанда, сандарының тарихи эволюциясы мен таңбалық құрылымдарының философиямен, этномәдениетпен жақындығын табиғи заңдылық деп, сандық символикаға негізделген ұлттық көзқарастар жүйесі халықтың рухани мәдениетіндегі сандарға деген түсінігін қалыптастырған әртүрлі тарихи жағдайлардың нәтижесі ретінде түсінуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмашова Ж.А. Нумеративтер әлем бейнесі көрсеткіші ретінде. Қазақ және ағылшын мәдениеті негізінде: дис. философия докторы (PhD)... – Алматы, 2014.–130 б.
- 2 Машани А.Ж. Айдың айналымдары. – Алматы: Алатау, 2008. – 296 б.
- 3 Кант И. Критика чистого разума. – М.: Мысль, 1994. – 591 с.
- 4 Шпенглер О. Закат Европы. // В 2 т. /Пер. с нем. И.И. Маханьков. – М.: Айрис–пресс, 2003. Т. 1. – 528 с.
- 5 Кассирер Э. Философия символических форм. Мифологическое мышление. – М.; СПб.: Университетская книга, 2002. – Т. 2. – 280 с.
- 6 Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы//12 томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Т. 1. – 512 б.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФИЛОСОФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ НАЗАР АУДАРЫЛУЫ ТИІС ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

*Аралбай С.М., Ахатова А.А.
Қарағанды қ. saken_aralbai@mail.ru*

Философия пәні гуманитарлық ғылымдардың ішіндегі басты пәндердің бірі болып саналады. Осыны ескере отырып, Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесі философия пәнін жоғары оқу орындарында оқытылуға тиісті пәндердің қатарына қосып, оған ерекше назар аударып отыр. Себебі, оның мәні тереңде жатырған болатын. Философия - барлық ғылымдардың атасы. Сонымен қатар, неміс ғалымы И. Кант «білім –синтездің нәтижесінде